

Хаттама №1

«Курчатов қалалық №4 ЖББОМ»КММ

«Мектепте «Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелерін сайлау туралы»

8 қыркүйек күні сағат 18.30-да «Курчатов қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебінде» Қазақстан Республикасы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру мен оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сай Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес білім беру мекемесінде қамқоршылық кеңесі ұйымын құру мен оның құрамын, төрағасын сайлау отырысы өтті. Отырысқа хабарлама жеті күн бұрын жіберілді. Қатысуға міндеттелген 15 адам қатысым туралы кері байланыс жіберді. Қатысқан адам саны – 15 адам. Қатыспағаны -0.

Күн тәртібінде:

1. Білім мекемесінде «Қамқоршылық кеңесін» құру, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау;
(Мектеп әкімшілігі мен кеңес мүшелері)
2. Қамқоршылық кеңесі төрағасының атқаратын функциясы және орындау міндеттері;
(Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
3. Қамқоршылық кеңестің маңызды дауысқа ие болатын мүшелерін, құрамын сайлау, атқаратын қызметтік функцияларын белгілеу; (Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
4. 2020-2021 оқу жылындағы «Қамқоршылық кеңес» қызметінің атқаратын Ережесі мен жылдық жұмыс жоспарын бекіту; (Кеңес төрағасы)
5. «Қамқор әке» ұйымы және оның «Қамқоршылық кеңестегі рөлі туралы ақпарат беру.

(ДТІЖО)

Күн тәртібіне негізделген кеңес отырысында мектеп әкімшілігі тарапынан бүгінгі жиынға қатысушы МДО ж Т орынбасары «Қамқоршылық кеңес» қонақтарын құттықтады. Аталған кеңестің мектеп өмірі мен оның білім мен тәрбие берудегі маңыздылығына, рухани ортаны қалыптастыруға негіз боларлық ағымдағы маңызды істеріне тоқталып өтті. Кеңес жұмысының басты мақсаты – қамқорлыққа мұқтаж жасөспірімдер мен балалардың әлеуметтік, рухани, моральдық тұрғыдан қорғалуына негіз боларлық ұйым ретінде қоғам тарапынан қолдау мен қорғау жасау, қайырымдылық пен адамдық ізгі істерді насихаттау, ұлттық тәрбиеміздің азаматтық тұрғыдан сақталуына, патриоттық – жауынгерлік тәрбие беру мен тұлғалық қалыптасуына қолдау білдіру. Қоғамдағы кеселді дерттен бірлесіп қорғап, кеме ұрпақ тәрбиелеуге күш салатын орта қалыптастыру.

Кеңес барысында 1-2- мәселелер бойынша мектеп әкімшілігі тарапынан «Қамқоршылық кеңестің» төрағасы мен мүшелеріне төмендегіде ретпен дауыс берілді:

Кеңес төрағасы болып: Садвақасова Айгуль Есенгельдыевна сайланды. Кеңес мүшелері қатарына:

Абдиқаримов Марат Алтынбекович,(т.б.) 11 адам мүшелікке кеңес мүшелерінің қол көтеріп, дауыс беруімен сайланды.

Отырыстың үшінші күн тәртібі мәселесінде сайланған кеңес төрағасы мен мүшелерінің атқаратын қызметтік функцияларын мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті және қызметтік мандатты түсіндіру ақпараттарын үлестірді.

Кенес отырысының 4-күн тәртібінде жаңадан сайланған кеңес төрағасы Садвакасова Айгуль Есенгелдыевна 2020-2021 оқу жылында басты құжат боп ұсынылатын «Қамқоршылық кеңестің Ережесін» көпшілік тарапына ұсынды, жұмысжоспарымен таныстырды. Көпшілік дауыспен Кеңес Ережесі мен Жұмыс жоспары қабылданып, бірауыздан мақұлданды.

Күн тәртібіне енгізілген бесінші мәселе осы «Қамқоршылық кеңес» жұмысына қатысты болатын мектебімізде құрылар «Қамқор әке» кеңесінің жұмыс жоспары мен Ережесі мектеп жиректорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тарапынан ұсынылды. Мазмұны мен мақсаты, жұмыс жасау функциялары тілге тиек етілді.

Жиын соңында аталған күн тәртібі мәселелерін сараптай келе, кеңес төрағасы қаулы етті:

1. «Қамқоршылық кеңес қызметі туралы» Заң жобасымен танысу және оның міндеттерін игеру тапсырылсын;

2. Сайланған кеңес төрағасы мен кеңес мүшелерінің атқару қызметтері жүйелі жолға қойылып, сыртқы өкілеттіліктер тарапынан бақылауға ұсынылсын;

3. Аткарылатын қызметтік функциялардың орындалу талабы жоспарлы түрде орындалуы қадағалансын;

4. Кеңес төрағасы мен мүшелері аталған Кеңес Ережесі мен Жұмыс жоспарын орындауға міндеттеме алсын;

«Қамқор әке» ұйымы аталған Кеңес жұмысының бір маңызды қызметтік шарасы ретінде қарастырылып, жоспарға енгізілсін.

Хатшы

Қамқоршылық кеңес төрағасы



Мубарякова Дана Кайратовна

Садвакасова А.Е.